

## Атырау қалалық әкімдігі қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 622 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 сәуірде № 4379 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабын және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабын басшылыққа алып, Атырау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Атырау қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 709 "Атырау қаласының барлық ауылдық округтері әкімдеріне кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3542 болып тіркелген, 2016 жылдың 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Атырау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы С. Нсанбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*А. Құттұмұрат-ұлы*